

Жастар — болашақтың кепілі

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ
28 ҚАЗАНЫНАН
БАСТАП ШЫҒАДЫ



№11 (48)

25 желтоқсан, 2013 ж.

ЖАСТАР ГАЗЕТІ

3-бет



Тәуелсіз Қазақстанның жеті қазынасы

Халқымыз үшін қашанда жеті санының орны бөлек. Жеті ырыс, жеті қабат көк, жеті қазына: айта берсек жеті санына байланысты қасиетті ұғымдар өте көп. Еліміздің жаңа ғасырдағы басты бағдары - «Қазақстан-2050» Стратегиясы да жеті басымдықтан тұрады. Тәуелсіздіктің тартуы ретінде халқымыз құн жетпес Жеті қазынаға ие болды...

Біз Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мәңгілік Елдің жүрегіне айналған мәңгілік Астанамызды тұрғыздық. Мәңгілік мызғымас экономика қалыптастырып, Мәңгілік өшпес жылнама жаздық. Мәңгілік болашаққа жол салдық. Осының барлығы тәуелсіздігіміздің тартуы, азат—тығымыздың асыл қазынасы.

Н.Ә. Назарбаев

ЕЛБАСЫ ЖОЛЫ



4-бет

А.Ф. Зейнулина:

ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ –
ҰЛТТЫҚ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ
ЖАСАМПАЗДЫҒЫ
МЕН МӘҢГІЛІГІНДЕ



5-бет

ЖЕЛТОҚСАН ҚАНДАЙ АЙ?
ШЫРША МЕРЕКЕСІНІҢ
ТАРИХЫ МЕН ЖАҢА ЖЫЛДЫ
ҚАЙ ХАЛЫҚ ҚАЛАЙ ҚАРСЫ
АЛАТЫНЫ ТҮРАЛЫ
ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

8-бет



ДҮРБЫ

Қазақстан әлемдік рейтингте
34-ші орынға көтерілді

Ұлыбритания, Германия, АҚШ, Швейцария және басқа да елдердің ғалымдарынан құрылған Халықаралық сарапшылар тобы жыл сайын Ресей ғылым академиясы Экономикалық стратегиялар институты базасында дүниежүзіндегі 100 мемлекеттің интегралдық қуатының ғаламдық рейтингін жасайды. Бұл рейтинг орыс, ағылшын және қытай тілдерінде жарияланады.

«Қазақстан экономикасы бірінші кезекте Нұрсұлтан Назарбаев жүргізіп отырған салықалы саясаттың арқасында қарқынды дамып келеді. Мемлекет басшысы тәуелсіздігін алған 22 жылдың ішінде көптеген салаларда ауқымды реформалар жүргізді. Стратегия-2050 бағдарламасында қоғамның барлық саласын дамытудың нақты қадамдары егжей-тегжейлі көрсетілген. Өзірге әлем бойынша сіздердің президенттеріңіз әзірлеген стратегияға тең келер бағдарлама жоқ деуге болады. Бұл – Қазақстанды ХХІ-ғасырда дамыған 30 елдің қатарына қосады. Біздің есебіміз бойынша, 2025 жылы Ғаламдық рейтингте Қазақстан 10 орын ілгерілеп, 24-орынға дейін көтеріледі», – дейді Халықаралық сарапшылар тобының мүшесі Ресейлік профессор Александр Агеев.

Зерттеулердің нәтижесі бойынша Қазақстан 2013 жылы бұл рейтингте 34-орынға көтерілген. Жалпы ғаламдық рейтингті жасау кезінде экономикалық көрсеткіштердің белгілі критерілері ғана негізге алынады. Ал нақты бір мемлекеттің интегралдық қуатын анықтау үшін экономикалық индикаторлардан бөлек, сол елдің озық математикалық үлгілері, ішкі саяси тұрақтылығы, сыртқы саясаты, ұлттық қауіпсіздігі, мемлекет пен оның басшысының әлем алдындағы беделі, халықаралық қатынастардағы бастамалары негізге алынады.

Бұл тізімде алғашқы ондықты АҚШ, Еуропа одағы, Қытай, Ресей, Германия, Франция, Ұлыбритания, Үндістан, Жапония және Бразилия сынды мемлекеттер бастап тұр. Бұрынғы Кеңес үкіметінің құрамында болған Украина Қазақстаннан бір саты төмен 35-орынға жайғасыпты.

Baq.kz

БАҚ тарататын бірқатар
ақпараттарға тыйым салынатын
болады

Бұқаралық ақпарат құралдарында балаларға зиянын тигізетін бірқатар ақпараттарды таратуға шектеу қойылып, тыйым салынады.

18 желтоқсан күні Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында палата депутаттары «Балаларды денсаулығы мен дамуына зиян тигізетін ақпараттардан қорғау туралы» заң жобасы бойынша баяндама жасаған депутат Алдан Смайыл осылай мәлім етті.

«Әлем елдерінің бір-біріне ашықтығы, телекоммуникация желілерінің барынша ашықтығы, ақпарат алмасудағы мүмкіндіктердің молаюы рухани кеңістіктің тазалығы туралы ойландыра бастады. Кейбір ағымдардың ақпаратты ұлттық дәстүрге қарсы бағыттауы, қоғамға жат іс-әрекеттер ашық және жасырын насихаттауға көшуі, балалар арасында суицид, қатыгездік, елдік мұраттар мен құндылықтарды жатснұ секілді жағымсыз қылықтардың байқалуы алаңдатпай қоймайды. Соған орай, елімізде балаларды зиянды ақпараттан қорғау туралы заңның керектігіне көз жеткіздік», – дейді депутат Алдан Смайыл.

«Жалпы алғанда заң жобасы бойынша қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа құрылған, балалар өміріне қатыгездіктер төндіретін іс әрекетке, суицидке итермелейтін, порнографиялық және анайы сексуалдық сипаттағы көріністерді қамтитын, дәстүрлі емес сексуалдық бағдарды насихаттайтын ақпараттық өнімдерге тыйым салу қарастырылып отыр. Мұнымен қоса, отбасы институтын жоққа шығаратын, ұлттық дәстүрлерге қарсы үгіттейтін ақпараттар да балаларға зиянды деп танылған. Телеарналар осы талапқа сай келетін өнімді, соған сәйкестірілген таңбамен белгілеп қана эфирге таратуға тиіс. Керісінше жағдайларда, оларға заңмен шара қолданылады», – дейді А. Смайыл. Оның айтуынша, заң жобасында алғаш рет балаларға арналған ақпараттық өнімге анықтама беріліп отыр. Мұндай ақпараттық өнім бағыты, мазмұны, тақырыбы, безендірілуі бойынша балаларға тікелей арналған өнім болып табылады.

ҚазАқпарат

Көңілсіз адамның түрін
күлімсіретіп көрсететін айна

Токио университетінің өнертапқыштары әрбір таңды қайырлы етудің тың тәсілін тапты. Оқу орнында орнатылған электронды шарайна көңіл-күйі бұзылған адамның түрін күлімсіретіп көрсетеді. Құрылғының орта тұсында адам бейнесін шағылыстыратын қабаттың орнында монитор мен камера бар. Осы құралдар қараған адамның бейнесін көңілді етіп, шырайландырады. Теңдессіз құрылғыны жасағандардың ойынша, оны күнделікті өмірде де қолдануға болады. Олар жайдары айнаны күйзеліске ұшыраған адамдарға көмектесу үшін пайдалануға да болатындығын айтты, деп хабарлады 24.kz.

«Компьютерлік бағдарлама адамның түр-әлпетін өзгертіп, жүзіне күлкі ұялатып, бет шырайын жанды қылып, түрлендіріп көрсетеді. Адам өзінің күлімсіреген түрін көріп, өзін бақытты сезіне бастайды», – деді Токио университетінің профессоры Михитака Хиросе.

ҚазАқпарат

ТӘУЕЛСІЗДІК
ТІРЕГІ – ЖАСТАР

Айтыс дегенде делебесі қозбайтын, қаны қызбайтын қазақ жоқ шығар!! Ақындарын алақанда аялап, үкілеп жүріп бәйгеге қосатын қаймана елдің қашанда асыға күтетіні - отты жыр. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі күніне орай ИНЕУ төрінде әдемі сөз, аламан жыр додасы «Тәуелсіздік тірегі - жастар!» атты облыстық жас ақындар айтысы өтті.



Жай ғана өткен жоқ, жырға шөп-деген елді сөз құдіретімен сусындатып кетті. Айтысқа білім нәрімен сусындататын қара шаңырақ ИНЕУ ректоры Камербаев Асқар Юсуфұлы арнайы қатысты. Өңіріміздегі айтыскерлеріміздің шеберліктерін шыңдау үшін және айтыс жанрының жаңғырып, мәдениетіміздің дамуына ИНЕУ, Екібастұз қаласынан «Атамұра» мәдениет орталығы, облыстық «Регион.кз» жастар газеті, облыстық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, «Мәшһүр Жүсіп» атындағы облыстық орталық мешіт қолдау білдіріп, демеушілік етті.

Додаға облыстық ақындар мектебінің жетекшісі Асығат Тұрғанбеков, облыстық, республикалық ақындар айтысының жүлдегерлері, айтыскер ақындар Қуанышбек Шарманов, Алмагүл Жүгінісова, Тілек Сейітов, және облыстық «Регион.кз» газетінің тілшісі, ақын Қарлығаш Хашымқызы сынды аламаннан ат оздырған ақтаңгерлер мен сан сыннан сүрінбей өткен саңлақтар қазылық етті. Айтыс басталмас бұрын көрермендерге



Енді жүлде жайында. Жыр жарыстан жеңіп шыққан шайырға ИНЕУ-дің оқу гранты бұйырды. Заман тынысынан өзге ақындардың айтарына осы да арқау болып жатты. Осындай жыр сүлейлерінің жырына қаныққан халық аз болмады. Дүйім жұрттың ақындардың шеберлігі мен шешендігіне ерекше ықылас танытып, делебесі қозып отырғанынан төл өнерімізге шөп-деп қалғанын байқауға болады.

Көп кешікпей сөз майданына түсіп, шеберлік таластырған ақындар айтысы басталды. Жыр додасының шымылдығы қара сөзден қамшы тере білетін Қашырдаң келген 11-ші сынып оқушысы Қуандық Башой мен озық біліммен орда бұздырған киелі қара шаңырақ ПМУ-дан келген студент Айдын Мейрамның бәйгеге түсуімен ашылды. Басынан тартысты басталған айтыс көрігі де бірден қызды. Осылай-

ша бес жұп өлеңнен өрнек салып, бақ сынасты. Сахнада атой салып, қара сөзде бір-біріне дес бермеген ақындар халықтың дем берген қолпашы сайын арқалана түсті. Қазылар алқасының шешімімен ақтық сайысқа бір жұп жіберілді. Олар, Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия интернатының 11 сынып оқушысы Мәрес Байрон мен ИНЕУ студенті Абзал Қабдраш болды. Қос ақын жұпты да құтты айтыстың үлгісін көрсетті.

Нәтижесінде, ИНЕУ-дің оқу грантын яғни бас жүлдені Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия интернатының 11-ші сынып оқушысы Мәрес Байрон иеленді. Оған ағалық жолын берген Абзал Қабдраш 1 орын иемденсе, екінші орынды ПМПИ-ден келген ұшқыр ойлы Мақсат Ғылымнұрға бұйырып, үшінші орын Гүлшекер Батайға табысталды.

Сонымен қатар, додаға қатысқан ақындар да құр қалмай, атаулы жүлдемен марапатталды. «Тәуелсіздік тірегі – жастар» атты облыстық жас ақындар айтысында Қалижан Бекхожин атындағы арнай жүлдемен Қуандық Башой, Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы арнай жүлдемен Оразбек Бақытхан, Иса Байзақов атындағы арнай жүлдемен Алтынбек Мақсатхан, Естай Беркімбаев атындағы арнай жүлдемен Айдын Мейрам, «Көрермендер көзайымы» атты арнай жүлдемен Марғұлан Жанбау, Инновациялық Еуразия университетінің арнай жүлдесімен Қайролла Хафиз марапатталды.

Айтыс аламанын
тамашалаған:
Мереке АМАНТАЙ

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ

Жақында Достық үйінде өткен «Ғылым және мәдениет. Үшінші мыңжылдық тренді» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияға С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің студенттері қатысты.

«Ғылым мәдениет. Үшінші мыңжылдық тренді» атты ғылыми-практикалық конференция ҚР Тәуелсіздігі күніне орай ұйымдастырылған шаралар шеңберінде өтті.

С.Торайғыров атындағы ПМУ-дың ғалымдары кон-

ференцияның пленарлық отырысында өз баяндамаларын ұсынды. Ғылыми жұмыс және инновация бойынша проректор, б.ғ.д., профессор Нұрлан Ержанов Қазақстанның индустриалдық-инновациялық дамуы турасындағы баяндамасымен көпшілікті таныстырды. Студенттік тұлғаның мәдени қалыптасуына жоғары мектептегі білім берудің еуропалық кеңістігінің ықпал етуі туралы

Психология және педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.д., профессор Елена Бурдина әңгімелеп берді. «Тарих толқынындағы халық» мемлекеттік бағдарламасының маңыздылығы жөнінде Ғылым және инновация департаментінің басшысы Нұркен Күзембаев бөлісті. Қазақстанның басты мәдени трендеріне тоқталып кеткен т.ғ.к., доцент Гулфайруз Жапекова.

Шараның соңында Павлодар мемлекеттік университеті өкілдері «Үркер» зияткерлік клубының құрмет белгісімен марапатталды.

Жалпы конференция жұмыс барысында заманауи кезеңдегі Қазақстанның ғылыми мен мәдениетінің дамуы, жастарды ғылым және мәдени жұмыстарға белсенді араластыру мәселелері қозғалды.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТІ ҚАЗЫНАСЫ

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті
Нұрсұлтан Назарбаевтың Тәуелсіздік күніне арналған
салтанатты жиында сөйлеген сөзінен**

Қымбатты отандастар!

Халқымыз үшін қашанда жеті санының орны бөлек. Жеті ырыс, жеті қабат көк, жеті қазына: айта берсек жеті санына байланысты қасиетті ұғымдар өте көп. Еліміздің жаңа ғасырдағы басты бағдары – «Қазақстан-2050» Стратегиясы да жеті басымдықтан тұрады. Тәуелсіздіктің тартуы ретінде халқымыз құн жетпес Жеті қазынаға ие болды.

Бірінші қазынамыз: Алтай мен Атыраудың, Арқа мен Алатаудың арасын ең жайлап, еркін көсілген Мәңгілік Еліміз. Біз шекарамызды шегендеп, іргемізді бекіттік, көршімен тату, алыспен сыйлас, ісі ілгері басқан жасампаз Ел болдық. Біздің мұратымыз – Мәңгілік Еліміздің асқақ болмысын аялап, 21-ші ғасырдың төріне оздыру.

Басты игілігіміз – біздің қасиетті де лайықты еліміз – Мәңгілік Ел. Он төрт мың километрден астам талас тудырмайтын шекарамыз біздің Отанымызды біртұтас монолитке шегендеді. Шекарамыз барлық шектес елдермен ізгі көршілестіктің шебіне айналды.

Екінші қазынамыз: Ел бірлігі. Біз туған елімізді бейбітшіліктің бесігіне айналдыра білдік. Тыныштық арқылы тұрақтылық, татулық арқылы тұтастық төрімізге озды. Барша этностар ел иесі – қазақ ұлтының маңына ұйысты. Тегі бөлек болғанмен тілегі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір тұтас халық құралды. Бірлік, береке – біздің баға жетпес байлығымыз, құн жетпес қазынамыз. Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық, тілегіміз – татулық болса еліміз тарих төрінен табылады.

Тәуелсіздік халықты Ассамблеяның – бейбітшілік пен келісімді сақтаушының біртұтас шаңырағының астында тұтастыра түсті. Біздің рухани бірлігіміз – зайырлы мемлекет пен қоғамның басты іргетасы.

Үшінші қазынамыз: тәуелсіздік пен бірге түлеген төл мәдениетіміз бен туған тіліміз. Азаттықпен бірге ұлттық рухымыз асқақтады, мәдениетіміз мәңгілік құндылыққа айналды. Ата дініміз оралып, ана тіліміз тұғырына қонды. Қазақ тілі еліміздің мемлекеттік тілі ғана емес, түркі әлемінің жетекші тілдерінің біріне айналып келеді. Аймақтарға сапарларымның бірінде Ассамблеяның қазақша еркін сөйлейтін бір өкілі: «Мен мемлекеттік тілді меңгерумен бірге, 25-тен астам түркітілдес халықтың мәдениетіне есік аштым», деген еді.

Қазір қазақ тілі көрші елдерден өзге Әзербайжан мен Армения, Беларусь, Польша, Мажарстан, Оңтүстік Корея, Германия, Ұлыбритания, АҚШ мемлекеттерінің белді оқу орындарында оқытылады. Бұл мемлекеттердің қатары жыл өткен сайын толығырақ. Әйгілі Кембридж университетінде қазақ тілі, тарихы мен мәдениеті туралы арнайы пән бар. Осының барлығы қазақ тілін

өзіміздің құрметтей бастағанымызды және оған қажеттілік күн санап арта түскенін көрсетеді. Мемлекеттің саясаты қазақ тілінің мәртебесін нығайтып, оның қолдану аясын кеңейтуде. Ол отандық ақпарат құралдарының, мемлекеттік қызметтің, интернеттің, ғылым мен білімнің тіліне айналды. Оқушылар мен студенттердің басым көпшілігі қазақ тілінде білім алуда. Қазір барша қазақстандықтардың 70%-ы мемлекеттік тілді меңгерген.

Тәуелсіздіктің арқасында ұлттық мәдениетіміз қайта жаңғырды. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, кеткенімізді келтірдік, кемтігімізді толтырдық. Көмбелерімізді аршып, тарихымызды түгендедік. Қазақтың асқақ өнері мен бай мәдени мұрасы әлем халқының рухани байлығына қосылды.

Төртінші қазынамыз: индустриялық-инновациялық экономика. Индустриялық бағдарлама – біздің экономикамыздың болашағы.

Бүгінде біздің жеріміздің байлығы бүкіл халықтың игілігінде және соған қызмет етеді, халықтық әл-ауқатының тұрақты артуына жағдай туғызады. Халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша, осы жылы Қазақстан минералдық ресурстарды басқару жөніндегі әлемдік рейтингте 19-шы орын алды. Біз жаһандық дағдарыстардың тағылымын жақсы меңгердік. ХХІ ғасырда барлық табысты ұлттардың жолын индустриялық әлеует пен инновациялар айқындайды. Сондықтан индустриялық-инновациялық дамудың жоғары нәтижесі – Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық бекемдігінің басты мәселесі. Индустрияландырудың алғашқы «бесжылдығын» жүзеге асыра отырып, біз 200 мыңнан астам жұмыс орны құрылған 700 мұлдем жаңа кәсіпорын салдық. Оған біз 2 триллион 100 миллиард теңге жұмсадық, бірақ бұл кәсіпорындар тек биылғы жылдың өзінде 2 триллион 300 миллиард теңгенің өнімін өндірді. Осылайша, салынған қаржы қазірдің өзінде өзін өзі ақтап жатыр.

Бесінші қазынамыз: Ұлттық байлығымыздың, әл-ауқатымыз бен әлеуетіміздің түп негізі – Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы. Қазақстан мен қазақстандықтардың қолындағы қазіргі барша қазынаға біз төге еңбек етудің арқасында жеттік. Еңбек әр адамды мейірбан, әл елді ұлы етеді. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы – Тәуелсіздікті нығайту жолындағы күрделі жұмыс барысында туған біздің қазақстандық идеямыз.

Алтыншы қазынамыз: еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің бойтұмары, әсем қаламыз – Астана. Бүгінде Астана – мемлекет қуатының архитектурадағы бейнесі. Оның жаңа орамдарында, алаңдарында, саябақтары мен сәулеткерлік інжу-маржандарында біздің Тәуелсіздігіміздің Ұлы Тарихы айнадағыдай көрінеді. Сондықтан Ас-

танаға деген сүйіспеншілік – әрбір қазақстандықтың біздің ортақ Отанымыз – Қазақстан Республикасына перзенттік сезімі. Бұл Жаңа қазақстандық патриотизмнің алтын арқауы.

Жетінші қазынамыз: Қазақ елінің абыройын асқақтатып, бүкіл әлемді мойындатқан жаһандық жауапкершілігі мен барша адамзаттық бас-тамалары.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап біздің еліміз өзін әлемге жауапкершілікке берік егемен держава ретінде танытты. Әлемдік қоғамдастық біздің жаһандық ядролық қауіпсіздікті, мәдениеттер мен діндердің үнқатысуын нығайту туралы бастамаларымызды жоғары бағалайды. Үстіміздегі жылы Қазақстан Иранның ядролық бағдарламасына қатысты келіссөздер үдерісіндегі серпінділікке қол жеткізуге өзінің үлесін қосты. Алматыда өткен көпжақты келіссөздердің екі раунды көп жағдайда сенімсіздіктің сеңін бұзса, ол Женевадағы уағдаластықтарға алып келді. Астана ЭКСПО-2017 Бүкіләлемдік көрмесін өткізуге дайындық жүргізуде. Осының барлығы біздің Тәуелсіздігіміздің баға жеткізгісіз табысы, оның нақты жемістері мен перспективалары.

Жылға бергісіз күндер, ғасырға бергісіз жылдар болады. Біз үшін өткен 22 жыл дәл осындай кезең. Біз үйренетін ұлттан үйрететін ұлтқа, жығуға емес, жығылмауға ұмтылатын елге айналдық. Ертеңгі ұрпақ бізге бүгінгі ісімізге қарап баға береді. Осы Жеті Қазынамызды дәріптеп, дамыта білсек, ұрпақ алдында жүзіміз жарқын, мерейіміз үстем болады.

Біз «Қазақстан-2050» Стратегиясының ұлы мақсаттарына ұмтылдық. Әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына қосылуға қадам бастық. Оған бізді адастырмай апаратын жалғыз жарық жұлдызымыз – Темірқазығымыз бар. Ол – тәубе дегізетін, тәу ететін біздің ұлы Тәуелсіздігіміз. Тәуелсіздік – жасампаз халқымызға сарқылмас қуат беретін, көзіне нұр, көңіліне шуақ құятын көусар бұлағымыз. Біз кемеңгерлігі мен көрегендігі, бірлігі мен бірегей мақсаткерлігі қатар өрілген Мәңгілік Елімізді мақтан тұтамыз. Тәуелсіздіктің туын тігу бақыты мен оны баянды етіп, нығайту міндеті біздің маңдайымызға жазылды.

Біз Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық. Мәңгілік Елдің жүрегіне айналған мәңгілік Астанамызды тұрғыздық. Мәңгілік мызғымас экономика қалыптастырып, Мәңгілік өшпес жылнама жаздық. Мәңгілік болашаққа жол салдық. Осының барлығы тәуелсіздігіміздің тартуы, азаттығымыздың асыл қазынасы.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Мәңгілік Еліміздің келбеті сәнді, еңбегі мәнді болсын!

Күллі халқымызға берекелі бірлік пен баянды тірлік тілеймін!

БІЗДІҢ САУАЛ

«Тәуелсіздік» ұғымын қалай түсінесіз?

Кең байтақ жері, тәуелсіз елі болғанды армандамайтын адам жоқ шығар. Әркімнің жүрегінде туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілік сезімі, елеңдеулі көңілі болады. Елбасымыз айтқандай біздің ең басты құндылығымыз – тәуелсіз Қазақстан мемлекеті. Ел басына күн туып, ер етігімен саз кешіп, ат ауыздығымен су ішкен заманда бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған қазақ батырларымыз елін қызғыштай қорғап өткені белгілі. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен, қаншама аяулы азаматтарымыздың қанымен, жанымен келген Тәуелсіздігімізді бағалай білгеніміз жөн. Осы орайда оқырманға «Тәуелсіздік» деген ұғымның мағынасын терең ашу үшін халық арасынан жүргізген сауалнаманы ұсынамыз.



Серікгүл Тілейқызы,
23 жас, Ақсу ауданы,
Кызылжар орта
мектебінің бастауыш
сынып мұғалімі

«Тәуелсіздік» деген сөз қан мен тердің, көз бен жастың, ұлы арман мен мақсаттың араласуынан келген ұғым. Біз тәуелсіздігіміздің 22 жылдық мерей тойын атап өттік.

Тәуелсіздігімізді алған жылдары бесіктегі сәби, бүгінгі таңда Отанына алғашқы еңбек жолын бастап та кеткен. Елбасымыз бір сөзінде: «Елінің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан төріңді сығып жүріп еңбек ет», деген еді. Елімізде білім алам, еңбек етем деген жастардың барлық жағдайлары жасалған. Әрбір қазақ баласы тәуелсіздікті жүрегімен сезініп, еліне, халқына адал қызмет істесе деген тілегім бар.

Жүрсилә
Кайруллақызы, 49 жас,
С.Торайғыров атындағы
ПМУ С.Бейсембаев
атындағы кітапхананың
қызметкері

«Тәуелсіздік» деген сөз – ұлы сөз. Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ. Осы жолда құрбан болған қанша азаматтарымыз бар. Олардың есімі ешқашан да ұмытылмас. Алғаш рет тәуелсіздік алған кезде қатты қуандық. Төбеміз көкке жеткендей болды. Енді осы тәуелсіздік жолында жастар аянбай еңбектену қажет. Ең бастысы халқына, еліне адал қызмет жасаса, тәуелсіз еліміз одан сайын көркейе түсетініне сенемін.



Айланьш Бекболқызы,
20 жас, ПМУ студенті

Тәуелсіздік сөзінің мағынасын жыл өткен сайын терең түсініп келеміз. Тәуелсіздік – бұл бостандықтың, ешкімге тәуелді болмаудың, еркін болудың тұтқасы. 1991 жылы желтоқсан айының 16-шы жұлдызы күні көптен күткен тәуелсіздік арманына Қазақстанда



қол жеткізді. Талай қиын белестерден өтіп, 22 жылдық мерейтойын тойлаған қазақ елін мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Балаларымыздың қайсар ерлігімен, аналарымыздың қажырлы еңбегімен, халқымыздың бұлақ боп аққан көз жасымен зарықтыра жеткен тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын деп тілеймін.

Сауалнаманы жүргізген:
Тілей Амангүл

МЕНИҢ ПРЕЗИДЕНТІМ



ПРЕЗИДЕНТТІК ЖҮЙЕ ТАРИХЫНАН

«Президент» сөзі латын тілінен аударғанда «алдында отырған адам» дегенді білдіреді. Бұл саяси институттың дамуы XVIII ғасырдың соңында алғашқы демократиялық жүйенің қалыптасу кезеңінен бастау алады. XVIII–XX ғасыр аралығында президенттік институт республикалық билік қалыпы мен демократиялық жүйенің басты алғышарттарының бірі болды. Ал, Республика көнеден бері бар құрылым еді. Көне грекиялық Рим (б.з.д. VI–I ғ.ғ.) болды. V–XV ғ.ғ. орта дәуірлік ғасырларда Италия аймағында көптеген республика-қалалар (Венеция, Генуя, Флоренция) ғұмыр кешті. Ал, 1572 жылы Нидерландияда провинциялар құрама республикасы пайда болды. Сонымен қоса, республикалық құрылым ағылшындар елінде де (1649–1660) өз ғұмырын жасап келді. Алайда, осы мемлекеттердің бірі де заманауи үлгі бойынша басқарылып келген емес. Алғашқы заманауи республикалар яғни, президенттің басқарумен жүзеге асқан мемлекеттер Жаңа Әлемде ғана қалыптасты. Оның пайда болуына монархиялық құрылым мен колонизаторлық жаншудан әбден шаршаған халықты азаттыққа жетелегісі келген күш қайраты тасыған жастардың жаңа еркін елді құруға деген ұмтылысы сеп болды. Осы себепті, Ел басшылары ұрпақтан ұрпаққа тиесілі болатын билік жолымен емес, мемлекеттің Бас заңнамасы – Конституциясы негізінде халық таңдауымен сайлану құқығына ие болды. Республикалық құрылымның басты мақсаты – кепілдендірілген конституция, демек, демократиялық қатынастармен қамтамасыз ету президенттік институтқа жүктелді.

Бүгінгі заманауи заманда президенттер жаһанның көптеген мемлекеттерін басқарып келеді. Олар мемлекеттің сыртқы және ішкі қатынастарында мемлекет атынан өкілдігіне ие, мемлекеттік тәуелсіздік пен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Мысалы, Германия, Италия, Израил елдерінде президент негізгі өкілеттілік қызметті ғана атқарады. Ал, мемлекеттің басты «адамы» канцлер немесе премьер-министр. Көп елдерде, мәселен Ұлыбритания, Дания, Швеция, Испания, Жапония сияқты мемлекеттерде монархиялық отбасылық билік жүйесі әлі де өз күштерін жоймаған. Корольдік династиялар ел билеушілер атанғанымен барлық мемлекеттік қызметті парламент пен министр-

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ МЕРЕКЕЛІ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНЫҢ ШЫМЫЛДЫҒЫН ОСЫМЕН ЕКІНШІ МӘРТЕ АШЫП КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ ТУРАСЫНДА БІЛМЕЙТІН АДАМ КЕМДЕ–КЕМ БОЛАР. ДЕГЕНМЕН, ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ НЕГІЗІН САЛЫП, ЕЛІМІЗДІҢ ӨРКЕНДЕУІНЕ, ТІПТІ ӘЛЕМНІҢ БЕЙБІТ ӨМІРІ ҮШІН ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖАННЫҢ ТҰЛҒАСЫН ТАҒЫ ДА ӨЗГЕ ҚЫРЫНАН ТАНЫП–БІЛУ АРТЫҚ БОЛМАС.

лер кабинетіне жүктеп қойған. Ал ең көне әлемдік демократиялық елдер Франция мен АҚШ президенттері кең ауқымдағы өкілеттілікке ие.

ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТТЕР

1789 жылы Америка құрама штаттарының алғашқы президенті Джордж Вашингтон болды. Осы оқиғадан кейін Жаңа Әлем елдерінде президенттік институттар қарқынды түрде даму қарқын алды. 1807 жылы – Гайти, 1814 жылы – Парагвай, 1816 жылы – Аргентина, 1817 жылы – Чили, 1819 жылы – Колумбия, 1821 жылы – Коста-Рика және Перу, 1824 жылы – Мексика, 1825 – Боливия, 1830 жылы – Венесуэла, Эквадор мен Уругвай, 1835 жылы – Никарагуа, 1839 – Гватемала, 1841 жылы – Гондурас пен Сальвадор, 1844 жылы – Доминикандық республика президенттік билікті мойындады.

Еуроподағы тұңғыш Президент яғни, 1848 жылы Францияны билеген Луи Наполеон Бонапарт, Швейцарияның алғашқы Президенті Й.Фурер болған еді. Ал Азия бойынша 1911 жылы тұңғыш президент болып Қытай халықтық республикасының мемлекет басшысы болып Сунь Ятсен тарихта қалды. 1923 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің батасымен Түркия мемлекетінің тұңғыш Президенті атанды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары президенттік билік институтын Қазақстанға енгізу саяси жүйенің тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін ең оңтайлы шешім еді. 1991 жылы 10 желтоқсанда Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласындағы Республика сарайында көп ұлтты республика халқына адал қызмет етуге, Конституцияға бағынуға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепіл беруге, Қазақстан Республикасы Президентіне жүктелген міндеттерді атқаруға ант берді. Ол жиырма жылдан астам уақыт бойы өзінің антына берік болып келеді.

Бүгінде Қазақстан заманауи демократиялық мемлекет ретінде жаһан жұрты алдында танылған. Бұл жетістіктерімізге 1990 жылдың 24 сәуірінен бері ел басында жүрген Н.Назарбаевтың да үлесі бар екенін мойындауымыз керек. Қиын-қыстау кезінде елдің болашағына бағдар болатын мемлекет үшін маңызды құжаттарды қабылдады. Мәселен, Семей ядролық полигонын жабу, ядролық держава мәртебесінен бас тарту, жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі дәйекті қызметі бір төбе.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуы, барлық атрибуттары – ұлттық қауіпсіздік, мемлекеттік басқару және биліктің бүкіл тармақтарының өзара көретек ету жүйесі – бар ұлттық мемлекеттіліктің қалыптасуы Н.Ә. Назарбаев есімімен тығыз байланысты. Оның басшылығымен конституциялық құрылыс

процесі жүзеге асты. Қазақстанда демократиялық институттарды құру Н. Назарбаевтың аса зор еңбегі болып табылады. Сөз бен баспасөз бостандығы, сайлау және сайлану құқығы, партиялар мен қоғамдық бірлестіктер құру құқығы, дін бостандығы сияқты азаматтық қоғамның мызғымас құндылықтары конституциялық нормаларға айналды. Оның басшылығымен дағдарысқа тап болған қазақстандық экономиканы өзгертуге бағытталған аса ауқымды шаралар іске асырылды.

Н. Назарбаевтың экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықаралық қаржы институттарымен қарқынды экономикалық ынтымақтасуға игі ықпал етті. Республикада ауылды дамытуға, кедейлікпен күресуге, тұрғын үй құрылысын дамытуға және т.с.с. бағытталған ірі әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру басталды. Ол индустриалды-инновациялық даму стратегиясын әзірледі, инвестициялық және инновациялық қорлар құрылды. Дүниежүзілік сарапшылар арасында «қазақстандық үлгі» термині пайда болды.

Мемлекет Басшысы мәдениеттердің, діндердің, өркениеттердің жүйелі сұхбаттасуын жолға қоюға көп көңіл бөледі. 2003, 2006 жылдары Астанада әлемдік діндер көшбасшыларының съездері табысты өтті. Қысқа мерзім ішінде халықаралық ынтымақтастық тұжырымдамасын қалыптастырды. Оның көптеген бастамалары кең халықаралық жаңғырық тапты әрі мойындалды. Мәселен, Н.Ә. Назарбаев ТМД, ОАО, Кеден одағы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), Еуразия одағы сияқты халықаралық құрылымдарды дүниеге әкелудің бастамашысы. Ол БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында құруды ұсынған Азиядағы өзара ықпалдастық пен сенім шарлары жөніндегі кеңес (АӨСШК) іс жүзінде жұмыс істей бастады.

2010 жылы Қазақстан әлемдегі ең ықпалды Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға (ЕКЫҰ) кірісті.

ЕКЫҰ тарихында тұңғыш азиялық мемлекет, тұңғыш ТМД мемлекеті, тұңғыш Түркі тілдес ұлтты Қазақстан төрағалық еткенін мақтанышпен айтуға болады. Саммит қорытындысы бойынша қабылданған Астана декларациясы әлемдік саясатқа «Еуразиялық қауіпсіздік» және «Астана рухы» ұғымдарынан көрініс тапқан қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа түсінігін енгізді.

Елбасының «Қазақстан-2030» стратегиясы мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындады. 2006 жылғы халыққа Жолдауында Қазақстанның бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына кіру стратегиясы белгіленді. 2012 жылы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында бәсекеге қабілетті 30 ел қатарынан көрінуді көздейтінін мәлімдейді.

Және, 2010 жылы ҚР Президенті Н.Назарбаев Ұлт Көшбасшысы мәртебесіне ие болды. Демек, өмірінің соңына дейін оны президенттік билік мәртебесінен ешкім айыра алмайды.

Ол ғылымның дамуына, білім беру жүйесін реформалауды іске асыруға қомақты үлес қосып келеді. Ол Қазақстан халықтары ассамблеясының жетекшісі (1995) және Дүние жүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы (1992), сондай-ақ Орта Азия мен Қазақстан халықтарының достығы қорының құрметті төрағасы ретінде елде азаматтық келісім ахуалын орнықтырып, Еуразия кеңістігінде, күллі әлемде бейбітшілік пен татулықты сақтауға, халықаралық, саяси, экономикалық, мәдени ынтымақтастық аясын кеңейту үлесін қосып келеді.

Сонымен бірге, Президент тәуелсіздіктің толыққанды шежіресін жазу міндетін «Тарих толқынындағы халық» атты мемлекеттік бағдарлама аясында тарихшы ғалымдар алдына талап етіп қойды.

Түйін. Елбасы әлемдегі дамыған мемлекеттердің бай тәжірибесін таразылай отырып, тәуелсіздігін жаңа алған еліміздің жаһандық өркениет көшіне қосылуының бірден-бір дұрыс жолын нұсқап және жүзеге асырып келеді. ҚР Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың ел дамуына, мемлекеттің өркендеуіне қосқан үлесі жайында шежірелер мен еңбектер әлі де жазылатынына күмәніміз жоқ. Оның елі үшін еткен ерен еңбегі кейінгі жастарға үлгі, өмірі өнеге, тұлғасы құрметке лайықты екені хақ.

Жанар ЕЛЕШОВА

Қызықты фактілер:

- Біздің Президент ТМД елдері арасынан бірінші болып жыл сайын халқына жолдау жасайды.
- Н.Назарбаев Қазақстан Халық ассамблеясын құрды. Атаулы институты басқа мемлекеттерде жоқ.
- Н.Назарбаев (И. Каримовты есептемегенде) тәуелсіздік алғалы бері ауыспаған жалғыз мемлекет Басшысы.
- Н. Назарбаевтың туған күні мемлекеттік Астана күнімен тұстас келеді.
- Н.Назарбаев құрметіне Қырғызстанда, Украинада, Түркияда ескерткіштер қойылған.
- Оның есімімен Иордания, Түркия, Шешенстан Республикасында көшелер аталады. Және де Шешен елінде лицей де ҚР Тұңғыш Президентінің атында.



ЕЛ ТӘУЕЛСІЗДІГІ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖАСАМПАЗДЫҒЫ МЕН МӘҢГІЛІГІНДЕ

Қазақ Елі сан ғасырлар бойы аңсап келген тәуелсіздікке 1991 жылы жетті. Сондықтан да бұл күн – барша қазақстандықтар үшін ұлы мереке. Бұл күн – қилы қиын замандарды, сенімсіз күндерді және ел егемендігі үшін құрбан болған ерліктер мен төгілген көз жастарды еске салады. Биыл – 1986 жылдың ызғарлы желтоқсан күндерінде болған оқиғаға 27 жыл. Сол күндердің көзін көрген жандар үшін Ел Тәуелсіздігінің құны қымбат, олар үшін «тәуелсіздік» қастерлі ұғым. С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., профессор әрі Желтоқсан оқиғасының куәгері, сол күнгі алаңға шыққан жастардың бірі болған А.Ф. Зейнулина оқырманмен Отанымыздың тәуелсіздігі турасындағы жүрек толғанысымен бөліседі.

– «Тәуелсіздік» деген мен үшін ұлы ұғым болып есептелінеді. Біздің бала кезімізден кеңес дәуірінде алған біліміміз, тәрбиеміз өте жақсы болды. Әр заманның өз ерекшелігі, жақсылығы болады. Сол заманның өзіндік идеологиясы болады. Біз кеңестік дәуір идеологиясымен өмір сүрдік. Ол заман да жаман болған жоқ. Өйткені, біз сол кезеңдегі біліммен, көзқараспен бақытты ғұмырымызды кештік. Мен өскен ауылда 14 ұлттың өкілдері тұрды. Міне, осы 14 өкіл өзінің ұлттық тәрбиесін алып өсті. Мен мектепте қазақ тілінде білім алдым. Бірақ, қазақ сыныбында оқитындардың аздығы, теле хабарлардың қазақ тілінде аз таратылуы сияқты мәселелер отбасында айтылғанымен, ондай мәселелерге біз көңіл бөлмедік. Бұл мәселе алдымнан тек жоғары оқу орнына түсуге келгенде ғана кезікті.

Менің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген ұстазым Рымтай Омарқызы Рыспаева өте мықты мұғалім болды. Ұстаздан алған білімімді тереңдету мақсатында Павлодар қаласына қазақ тілі әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша оқуға келдім. Мұнда қазақ тілі

мұғалімі түгілі қазақ тілінде білім беретін топтардың жоқ екенін білдім. Мектепті үздік тәмамдадым, қолымда алтын медалім бар. Мектепті жақсы бітірген балаларды Ресейге қарай жіберуге асығатын. Мені Омбыдағы Авиациялық институтына жібермек болды. Дегенмен, мен үмітімді арқалап қазақ мәдениетінің орталығы Алматы қаласына білім алуға кеттім. Қыздар педагогикалық институтында қазақ тілі мен әдебиеті бойынша белгілі жазушы, ғалымдардың алдынан дәріс алдым. Ғабит Мүсірепов, Фариза Оңғарсынова, Зейнолла Қабдолов, Мәриям Хакімжанова, Әмина Мәметова, Исмет Кеңесбаев, Сейілбек Исаев сынды қазақтың дарынды тұлғаларынан сабақ алып, толыққанды ұлттық қазақи тәрбие алдым.

Ал енді 16-17-ші желтоқсан оқиғасына келер болсақ, ол бір күнде ұйымдастырылған оқиға емес. Қазақ даласында екі жүзден аса көтерілістер болды десек, сол күнгі желтоқсанның ызғарлы оқиғасы көп уақыттан бергі жиналып келген жараның жарылған күні еді. Мысалы, сол кезде Алматы қаласында қазақ тілінде білім беретін жалғыз ғана №12 мектептің болуы, және соның жабылуына шақ қалған кезі еді. Ұлттық құндылықтарымызды жоғалтып алар шақтың алды еді. Ал, Д. Қонаевтың алынып тасталып, орнына басқа ұлттың өкілін қазақ еліне басшы етіп қоюы шымдамның ұшар нүктесі еді. Ал алаңға жастардың шығып кетуіне келер болсақ, жастар албырт, жаңашыл, ұйымшыл келеді. Сол желтоқсан күндері де жастар студенттері, жұмысшысы болсын ұлттық идеология мүддесі үшін алаңға шықты. Біз жастар алаңға талаптарымыз орындалады деген сенімімен шықтық. Бізді ұрады, қудалайды деген титтеу де ой бізде болған жоқ. Есерсоқтар, маскүнемдер, нашақорлар алаңға шықты деп бізге айып та тағылды.

Сондықтан, мен үшін 16 желтоқсан күні ең алдымен қаралы күн болып есептелінеді. Өйткені, ондағы жастардың көз

жасы мен төгілген қаны, ащы зары бар. Ал екінші жағынан Қазақ Елінің жаңа заманға аяқ басып, яғни Тәуелсіз Қазақстанның заманауи өмірі, жаңа қоғамдық бетбұрыстың басталған күні. Қазақ жастары өз ұлттық мүдделері үшін алаңға шығып, ерлік көрсетті. Алаңда қазақ зиялылары Әзірбайжан Мәмбетов, Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов сынды азаматтарымыз төбе көрсеткені бізге күш берді. Желтоқсан оқиғасының ақиқаты әлі ашылған жоқ. 27 жыл өтсе де желтоқсан оқиғасына қатысқан адамдардың толық тізімі шықпаған. Шындық әлі айтылады. Жылда жаңа есімдер шығып жатыр, ақиқат ашылады, баға берілетін болады. Қазақ елінің Тәуелсіздік орнауына төгілген соңғы қантөгіс желтоқсанның ызғарлы күндері болса, оны тарихшылар мен әдебиетшілер жазуы керек. Бұрын Қазақстан тарихы 16 беттен тұрса, бүгінде тарихымыз том-томдап жазылып жатыр.

Ендігі Тәуелсіздігімізді сақтап қалу жолындағы көтерілісті – рухани көтеріліс деп айтар едім. Жаңа заманның көтерілісі – ол ұлттық құндылығымыз үшін күрес. Ол үшін біріншіден, ана тілімізге құрмет, көркем ойлау, шешен сөйлеуді жолға қойғанымыз жөн. Екіншіден, дәстүрлі ислам дінін дәріптеу маңызды. Үшіншіден, салт-дәстүрлерімізді жаңғырту, бұрыс, асыра сілтеп жүргізілетін салттарымызды түзету керек. Демек, ұлттық салт-дәстүрлер институтын құрып, теологтар мен тарихшы мамандары тарапынан қазақ дәстүрлері туралы кітаптар жазылуы қажет. Төртіншіден, қазақтың ділін, яғни ұлттық мінез-құлқымызды сақтауымыз тиіс.

Осы ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу үшін ең бастысы, отбасы тәрбиесі өте маңызды. Екіншіден, қоғамдық тәрбие, яғни, жастар үшін айналасын қоршаған ортаның ықпалы зор. Үшіншіден, ұлттық тәрбиенің жастарға әсері мол болатыны сөзсіз. Ұлттық тәрбие дегеніміз – ұлттық идеология, ұлттық мүдде. Ол – Елбасының, үкіметтің,



жергілікті әкімшіліктің, Қазақ Елінің қойып отырған идеологиясы. Ал, сол идеологияда міндеті түрде ұлттық тәрбие болуы керек. Міне осы үшеуін қосып, бірге алып жүрер болсақ, онда біз балалар, жастар, қоғамның әр мүшелері арқылы елдігімізді құруда өз еңбегімізді сіңіре аламыз, Тәуелсіздігімізді сақтай аламыз! Біз қазір елдің Тәуелсіздігін сақтайтын идеологияны құрамыз.

Бүгінде Қазақстанды әлем таниды десе қателеспеймін. Мәселен, мен өзім Франция, Италия мемлекеттерінде болдым. Оларға Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевты, Астананы айтсам, олар Қазақстанды бірден танып жатады. Әлемге танылу үшін елді танытатын ұлы істер жасалыну қажет! Мәселен, елімізді әлемге танытатын брендтер керек. Мысалы, Францияны бүкіл әлем Эйфель мұнарасы арқылы тани алады. Мәселен, Баянауылдың Жасыбайы, Көкшетаудың Оқжетпесі, Алматының қызыл апорты, біздің ұлттық тағамымыз, ойымыз өзі брендке айналуы керек. Мысалы, өзбектер ешнәрсе істемей-ақ өздерінің ұлттық брендин жасайды олардың ала тақиясы мен өзі көп нәрсені білдіреді. Сол сияқты біздің елімізді танытатын брендтер керек.

Ел Тәуелсіздігі тұғырының мықтылығы – көп ұлтты халқымыз бен қазақ ұлтының зерделі білімінде, ынтымағы мен бірлігінде, ұлттың құндылықтарының жасампаздығы мен мәңгілігінде екенін ұмытпауымыз қажет!

Мереке Амантай,
С.Торайғыров атындағы ПМУ студенті

Тәуелсіз Қазақстанның өркендеу жолы

Дәрия ғой дархан қазақ кеңдігің,
Ерлеріңмен қолға тиді елдігің.
Тәй-тәй басып, қаз-қаз тұрып қатарлап,
Өзге елмен тереземіз тең бүгін.

Отаным, алты алаш ардақты елім,
Етек жиып, есейіп кемелдендің.
Билік пенен бірлікті ұштастырған,
Асыл аға, Елбасы кемеңгерім.

Әлемге жар салғызды азаттығым,
Жемісін көрдік міне азат күннің.
Ұлан-ғайыр атырап жерімізбен,
Қатарына қосылдық қанаттының!

Елімнің есіл ерлері

Тәуелсіздік – алашымның өр мұңы,
Тәуелсіздік – қазағымның ерлігі.
Тәуелсіздік – алтын күні қазақтың,
Елім деген батырлардың ерлігі.

Бөгенбай мен Наурызбай, Қабанбайлар,
Танытқан заманына теңдігімді.
Салқам Жәңгір, Жалаңтөс, Райымбектер
Күрескен алу үшін елдігімді.

Исатай, Махамбеттер елім деген,
Алты алашым, айбыным, жерім деген
Ағынтай, Жоламан мен Жәнібектер
Ертеңіне үміт артқан сенімменен.

Ербол, Қайрат, Ләззат пен Сәбиралар,
Желтоқсанның кешегі саңлақтары.
Ұлт үшін ұрандатып отқа түскен,
Қыршыннан қиылған боздақтары.

Қазағыма алып берген күн мен айды,
Батырларын болашақ ұмытпайды.
Тәуелсіздік жолында қыршын кеткен
Ер есімін ұрпақтар ұлықтайды!

Мейрам Айдын
С.Торайғыров атындағы
ПМУ студенті.

Бәрі сенің арқаңда

Тәуелсіздік
Арайлы таңдай құлпырдың
Қара түнек түнге ұқсаған ұлтымның
Жігерін жанып,
Жалындай шапшып бұлқыдың.

Тәуелсіздік
Сағындырған жыл құсы
Шад-шадыман сәбилердің күлкісі.
Енді сені орға жыға алмайды
Бұңдаған жатжұрттықтар күлкісі

Көрмедім ме,
Желтоқсанның сұмдығын
Табалады, жазалады кімді-кім.
95-те аштым өмір есігін
Азаттықтың көтергенде түндігін

Тәуелсіздік
Жігерімді қайрады.
Таңда бұлбұл тамылжытып сайрады,
Азаттықтың, бостандықтың белгісі,
Көк аспанда ән ұраным ойнады.

Таңғаламын
Өңімбе әлде түсімбе?!
Ажарланды 20 жылдың ішінде
Астанамыз арайланды нұрланып,
Ұқсағандай күг дидарлы мүсінге.

Тәуелсіздік
Бәрі сенің арқаңда
Туымда бар, әнұраным, елтаңбам,
Болашаққа азат ел боп ұмтылдық,
Бәрі сенің арқаңда.

Хафиз Қайролла

Тәуелсіздік тағалымы

Күн сайын өршіп жалынын алып барады от,
Жазықсыздарды жазмыш қылды қаралы оқ.
Жүзінде тұрды аппақ қардағы қан сынды,
Жадында жүрген жазылмас мәңгі жара боп.

Бейбітшіліктің бұзылмас үшін қаймағы,
Батырың мерт боп, ақының намыс қайрады.
Мұздарды жарып, толқындар соқты жарға кеп,
Ақтарылғанда азалы зарым ойдағы.

Азаттық алып жадырап жатты сан аймақ,
Жауқазын гүлдеп жайнады көктеп талай бақ.
Жан аямаған жастардың жігер күшімен
Тәуелсіздіктің ақ таңы атты арайлап.

Өуезді әнің көкке өрлей ұшып қалықтап,
Көшбасшыңменен көшінді түзу бағыттап,
Төрт көзің түгел алпауыт елге айналдың
Бостандықтағы бозторғай үнің шарықтап.

Тарлан тарихтың ашылды айқын жыр беті,
Текті ұрпағыңның соған арналды құрметі.
Егемендіктің тұғырын төмен түсірмеу –
Қазақ атаулы әрбір адамның міндеті.

Ұлтжанды жастар, ұлттың шұғыла нұрысың,
Дін менен тілді ұлықтап жатсаң – ұлысың.
Ал егер біздер еркіндік туын құлатсақ,
Адам дейтуғын атымыз онда құрысын!!!

Тәуелсіздікті жырлаған ақындар
әлеміне сапар шеккен Мереке АМАНТАЙ



Отандастарына арнауы

Жалпы алғанда Шоқай бұл ұсынысқа оң қарағанмен радиодан сөз сөйлеуге бірден келісе қоймады. Өйткені оның ойынша, Түркістанның жергілікті халқына арнап сөз сөйлеу мен Түркістаннан тыс жердегі шетелдіктерге баяндама жасау арасында алабөтен айырмашылық бар еді. Түркістандықтарға өз Отаны туралы баяндама жасайтын кезінде бар нәрсеге өте мұқият болып, өлкенің саяси шындықтары туралы қателіктерге бой ұрмауы керек еді. Олай болмаған жағдайда баяндаманың пайда орнына зиян келтіруі мүмкін болды. Сол себепті немістерге тұтқынға түскен түркістандық әскерлермен кездесіп олардың ұлттық мәселелердегі ой-пікірлерін біліп алу қажет деп шешті. Содан кейін ғана түркістандықтарға арнап бір баяндама жасауға болар еді.

Шоқай Берлинге қарай аттанбас бұрын екі күнге үйіне соқты. Берлин сапары үшін қажетті дайындық жасады. Түні бойы жазу машинкасымен жазу жазды. Таңертең ертемен Парижге кетті. Келгеннен кейін тағы да жазды. Шілде айының ортасында Парижден Берлинге қарай әскери көлікпен жолға шықты. Шоқай Берлинге бара жатқанында кеңес дәуірінде өскен түркістандық жастармен алғаш рет кездесетіндіктен қатты толқыды. Бұл кездесулер, әсіресе 1922 жылдан бері шетелде Түркістан туралы жазған мақалаларындағы тұжырымдарының дұрыс бұрысын анықтауға мүмкіндік беретін болды. Сол мақалаларында Түркістаннан шалғай жерде, Еуропаның кіндігінде тек кеңес баспасөзінде орын алған мәліметтерге сүйене отырып, қорытындылар мен тұжырымдар жасады. Түркістанға бара алмағандықтан, олардың қанша дәлдікпен айтылғанынан бейхабар еді. Тұтқындармен сөйлескен кезінде осы мәселені анықтауға тырысты. Сондай-ақ немістерге тұтқынға түскен түркістандықтардың толықтай кеңес жүйесінде білім алып өскен жастар болуы да оны қызықтырған-ды. Сол тәрбиенің түркістандық жастарды қандай сипатта қалыптастырғанын байқау мүмкіншілігіне қол жеткізді де. Шоқай әсіресе олардың өзі туралы ойларын білгісі келді. Бірақ жастардың өзі туралы білетініне күмәнді еді. Ол бұл туралы ойларын былай ортаға салады: «...Тұтқындармен кездесетін болғандықтан толықп тұрмын. Олармен түсінісетін ортақ бір тіл таба аламыз ба... Алайда сол жастар мен туралы ешнәрсе білмейді. Ешнәрсе де естімеді. Менің шетелдегі іс-әрекеттерімнен де бейхабар. Сондықтан да өте толқып тұрмын». Бірақ Шоқай Берлинге келгенінде соғыс тұтқындарымен бірден кездесуге мүмкіншілігі болмады. Лагерьлерге барып аралау үшін алты аптадай күтуіне тура келді. Шоқайға лагерьлерді көріп қайту үшін неліктен дереу рұқсат берілмегендігі туралы ешқандай дерек жоқ. Дегенмен, бұған немістер басып алған кеңес территорияларын басқару туралы НСДАП пен Сыртқы Істер Министрлігі арасындағы билік тартысының себеп болғандығы даусыз.

Тұтқындармен кездесу

Шоқай шілде айының ортасында Берлинге келген кезде тұтқындармен жүздесу мәселесінде билік таласына тап болды. Шамасы Шоқайдан радио арқылы түркістандықтарға қарата сөз сөйлеудің сұраған Шығыс министрлігі де, Ресей Комитеті де емес еді. Шоқайға мұндай өтініш жасаған нацистік өкіметтің Үгіт-Насихат Министрлігіне қарасты «Винета» ұйымы болуға тиіс. 1941 жылдың көктемінде листовка, брошюра және грампластинкалар арқылы кеңестерге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін құрылған «Винета» ұйымы радио хабарларымен айналысатын еді. Соғыстан бір аптадай бұрын орыс, украин, кавказ және түрік-татар халықтарының он шақты өкіліне қызыл армия қатарындағы жауынгерлерді әскерден қашуға шақырған үндеулерді оқытып, грампластинкаларға жазды. Бұл пластинкалар кейіннен радиодан жарияланды. Міне осы жағдай біздің шоқайтанушылар мен тарихшыларды Шоқайдан түркістандықтарға қарата радиодан сөз сөйлеудің сұраған мекеменің «Винета» ұйымы болуы тиіс деген қорытынды шығаруға жетеледі. Бі-

рақ Шоқай мұнда сөз сөйлемес бұрын түркістандық тұтқындармен кездесуді қалады. Ал мұндай кездесуді іске асыратын «Винета» ұйымы емес еді. Кездесуге рұқсатты беретін өкімет органы Шоқай Берлинге келген кезде жаңа белгіленіп жатқан болатын.

17 шілде күні Шығыс Министрлігінің құрылуымен бірге кеңес тұтқындары жөніндегі билік Гросскофтан Розенберге өтті. Сонымен Шоқай Берлинде Гросскоф басқаруындағы Ресей Комитетінің түркістандық тұтқындарға жауапты қызметкері фон Хентигтен емес, Розенбергтің Шығыс министрлігінің кеңестік түркі халықтарынан жауапты қызметкері фон Менденен рұқсат алатын болды. Ал Шығыс министрлігінің болса тұтқындар мәселесінде Ресей Комитетіне қарағанда басқаша жоспарлары бар еді. Шоқай бұл жоспарлардың жүзеге асырылуын күтуге мәжбүр еді. Осындай дамушылықтарға байланысты Шығыс министрлігі тамыз айында тұтқындармен айналысатын бір комиссия құрды. Бұл комиссияның басына НСДАП-тың «СА» полкінен штурмбанфүрер Гейбель тағайындалды. Бастапқыда бұл комиссияға тұтқындармен ұлттарына қарай айналысу үшін жеті адам кірді. Татар, башқұрт және фин тұтқындар үшін Ахмет Темір, Түркістанның өзбек, қазақ, қырғыз және түрікмен тұтқындары үшін Уали Каюм, солтүстік кавказдықтар үшін Али Кантемир, әзірбайжандар үшін Мехмет Бей, грузин және армиян тұтқындар үшін екі кісі және Мұстафа Шоқай белгіленді. Мұсылман және түркі тектес тұтқындармен байланысты қызметкерлердің төрағасы болып тағайындалған Шоқай өзіне көмекші және аудармашы ретінде Уәли Каюмды таңдады. Комиссия мүшелеріне міндеті тұтқындарды ұлтына қарай анықтау және тұтқындармен сөйлесіп мәлімет жинау қызметі жүктелді. Тұтқын комиссиясы алғашқы жұмысына бастау үшін 26 тамыз күні Ганофер маңындағы Өрбке және Берген-Белсен тұтқын лагерьлеріне қарай жолға шықты.

Өмір мен өлім арасында

Шоқайдың Берлинде бір жарым ай жатып тебіреніспен күткен кездесулері ақырында жүзеге асты. Бірақ лагерьлерге жеткенінде Шоқай күтпеген жағдайлар оның көңілін су сепкендей басты. Лагерьлерде тұтқындар өмір мен өлім арасында арпалысып жатқан еді. Азық, сусын және пана жоқтың қасы болды. Сондай-ақ, олар неміс әскерлерінің нацистік әсіре нәсілшілдіктен туындаған қан-құйлы зұлымдығына тап болып жатты. Нацистік әскерлер әсіресе татарлар мен түркістандық тұтқындарды қит етсе атып тастаудан тайынбайды. Бұл жағдайлар Шоқайға ауыр тигені соншалық, оларды көргенше өліп кеткенді артық санады. Кейіннен жұбайына жасырын жіберген хатында соғыс тұтқындарының жүрек сыздатар ауыр жағдайын егжей-тегжейлі баяндады. Оның айтуынша, неміс әскерлері тұтқындарды мазақ ететін және ұнамсыз бір әрекеті үшін атып тастайтын еді. Аштық әбден өзекке түскен әскерлер өлген жолдастарының жүректері мен бауырларын жеп тірі қалудың амалын жасауда екен. Жұбайына жолдаған хатында Шоқай өзі куә болған мұндай жан түршігерлік көрініс алдында өзінің адам екендігінен ұялғандығын атап өтеді. Осылайша Шоқай лагерьлердегі алғашқы күннен-ақ нацисттермен бірге кеңестерге қарсы Түркістанның саяси құқықтары үшін күресудің мағынасыз және тіпті зиянды екендігін аңғарды. Соған қарамастан өзі де тұтқын сипатында болғандықтан, тұтқын комиссиясындағы қызметін жалғастыруға мәжбүр болды. Бірақ өз қалауынан тыс атқаратын бұл қызметіндегі басты мақсаты – неміс армиясының Кеңестер Одағына қарсы жүргізіп жатқан соғысында жеңіп шығуын қамтамасыз ету емес, тұтқындардың ауыр жағдайын біршама да болса жақсарту болды.

Ол бүкіл жұмыс уақытын, тіпті өмірінің қалған бөлегін осы мақсатқа арнады. Шынында да соғыстың алғашқы апталарында тұтқындардың жағдайы сұмдық ауыр еді. Өйткені бастапқыда лагерьлерде жиналған жүз мыңдаған тұтқындардың мәселелері мен қатар кеңестік шығыс халықтарынан шыққан тұтқындардан көмекші отрядтар ұйымдастыру ісі де ойластырылмаған еді. Бұл кезең-

МҰСТАФА КІМНІҢ ҚОЛЫНАН ҚАЗА ТАПТЫ?

ге байланысты жасалған зерттеулер де лагерьлерде азық-түлік жеткіліксіздігі мен барактардағы денсаулыққа зиянды лас жағдай салдарынан, сондай-ақ нацисттердің нәсілшілділігінен туындаған зұлматынан мыңдаған тұтқынның өлім құшқанын растайды.

Қазақ бауырларына араша болуы

Шоқай тұтқын лагерьлерін аралау кездерінде көптеген мұсылман тұтқынның орынсыз нақақ атылып тасталуына кедергі болды. Әсіресе мұсылмандардың сүндеттелгеніне байланысты мұсылман тұтқындарды немістердің еврей деп ойлап, оларды мазақ еткен. Шоқай бір жолы лагерьлерді аралап жүргенінде отыз бес мұсылман тұтқынның тек қана сүндеттелгені үшін атылайын деп тұрғандығын көрді. Ол дереу бұл іске араласып, әскерлерді ажал аузынан арашалап қалды. Сондай-ақ алдағы уақыттарда да бұған ұқсас қателіктерге жол бермеу үшін бұл мәселе жөнінде неміс басшыларын хабардар етуге тырысты. Шығыс министрлігі Неміс Қарулы Күштері қолбасшылығы және СД өкілдері қатысқан бір жиналыста мұсылмандардың сүндетке отырғызу дәстүрі туралы мағлұмат берілді. Бұл мағлұматты кімнің бергендігі туралы ешқандай дерек болмаса да, Шоқайдың бұл жиналыстың өткізілуінде үлкен ықпалы болуы әбден мүмкін. Неміс ғалымы Мюхлен 1941 жылдың тамыз айынан бастап сүндетті болғандықтары үшін мұсылмандарды атып тастау оқиғаларының азайғанын айтады.

Шоқайдың тұтқындардың ауыр жағдайын жақсартатын қолында ешқандай билік жоқ еді. Қолынан келер шара – немістердің басшылық орындарына баяндама хат жіберіп, бұл жағдайдың жақсартылуын сұрау ғана еді. Куә болған оқиғаларының ауыр сындарды тілге тиек еткен бір баяндама дайындады. Онда былай деді: «Сіздер, немістер, өздеріңізді Еуропаның ең өркениетті және мәдениетті халқы ретінде көресіздер. Егер сіздердің мәдениеттеріңіз менің осы көргендерім болса, мен де сіздерге тұтқындардың басындағы дәл сондай ауыртпалық және апатпен әдіре қалуларыңды тілеймін. Сіздер XX-ғасырда, Шыңғыс ханның XII-ғасырда жасағанын да бетер іс жасап жатырсыздар». Ол бұл баяндамасын Уәли Каюмға неміс тіліне аудартып тиісті офицерлерге тапсырды. Баяндаманы алған офицер Шоқайға ойын шектен тыс батылдықпен білдіргенін айтты. Бұған Шоқай: «Егер сіз осыған байланысты мені атып тастайтын немесе дарға асатын болсаңыздар мен дайынмын. Мұндай өркениетті қоғамда өмір сүргеннен өлгенді артық санаймын. Мен осы сұмдық көріністерге байланысты өмірге деген құлшынысымды жоғалттым», – деп жауап қайтарды.

Шоқайдың лагерь шарттарының жақсартылуы жолындағы ескертулері мен ұмтылыстарының зая кетпегендігін деректер анықтауда. Зерттеуші Мюхленнің айтуынша, 1941 жылдың тамыз айынан бастап кеңестік мұсылмандарының топ-тобымен өлім оқиғалары айтарлықтай дәрежеде азайды. Легионда болған бір тұтқын Шоқайдың лагерьлеріне келіп кетуінен кейін жағдайларының жақсарғандығын атап өтеді. Шоқайдың аралап кетуінен кейін лагерьде тұтқындардың тазалық үшін монша мен душ мүмкіншіліктерімен көбірек қамтамасыз етілді және тағамдары жақсартылды деседі. Шоқай тұтқындардың лагерьлердегі ауыр шарттарына төзе алулары үшін көңіл-күйлерінің көтеріңкі болу керектігін жақсы түсінді. Бұл үшін ең алдымен тұтқындарға өзінің қолында ешқандай билік жоқ екендігін және немістердің нацистік идеологиясының зұлымдығынан туған өз пессимизмін көрсетпеуге тырысты. Содан кейін олардың көңіл-күйлерін көтеру үшін біле тұра өтірік айтып, жалған уәделер берді. Марияға жазған хаттарының бірінде былай дейді: «Менен жәрдем күткен маған үміт артқан осы бақытсыз байғұс жандарға ешқандай көмек көрсете алмағандығыма байланысты жан азабын шегудемін. Мен оларға көмектесуге уәде берудемін және оларды жұбату үшін біле тұра өтірік айтамын». Шоқайдың бұл мәселеде аз да болса табысқа жеткендігін тұтқындардың бірінің естелігінен байқаймыз.

Жалғасы келесі санда
Эльмира АБЕТЖАНОВА



Жаңа жыл!

7

Жылқы жылы төрге шық



Жылқы жылы – жұтсыз дейді қазақ халқы. Жылқы жылы – жылан жылынан кейін, қой жылынан бұрын келетін мүшел есебінің 7-ші жылы. Жылан-ды Азия халықтарының (қазақ, өзбек, түркімен, қырғыз, ұйғыр, ноғай, моңғол, қытай, жапон, т.б.) көпшілігінің күнтізбелерінде қолданады. 12 жылда бір қайталанып отырады. Григорий күнтізбесі бойынша жылан жылы 2002 жылдың 22 наурызды мен 2003 жылдың 21 наурыз аралығына келеді және ол 2014-2015, 2026-2027, 2038-2039, т.б. жылдары қайталанатын.

Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіровтер жылқы жылы (1844) туған. Қаракерей Қабанбай батырдың да (1690), Жамбыл Жабаевтың да (1846) туған жылы – жылқы. Және Дулат Исабеков, Сейтқазы Матаев, Әділ Тойғанбаев, Талғат Айтбайұлы, Жолдасбек Нүсенов осы жылы дүниеге келгендер.

Қонақ күтуден жалықпайтын Жылқы жылы туылғандардың өмірі қызыққа толы болады. Жүрген жерін думанға айналдыру – олардың табиғатында бар қасиет. Олар шығармашылыққа жақын жандар. Жер тарпыған тұлпар үшін бос шабыстың пайдасы шамалы. Жай желіспен де алға оза шабуға болады. Сол желістің жеңісіне күмән келтіруге болмайды. Жылқы жылы туылғандар – «арбаға жегілген ат» сияқты. Жұмыстан ешқашан да жалықпай, таңертеңнен кешке дейін бір тыным таппайды.

ҚАЗАҚША ЖЫЛ САНАУ

Халықтық жыл санау есебінде 12 жыл аты бар болса, олар туралы деректер VIII ғасырдағы «Күлтегін» ескерткіштері мен XI ғасырда өмір сүрген Махмұт Қашқаридің еңбектерінде кездеседі. Қазақша жыл санау мен жыл қайыру кестесі бойынша жылдар бірінен соң бірі былай аталады: тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз жылы. Жыл басы қазақтарда тышқаннан және Наурыз айының 22-сінен басталып, ол он екі жыл бір айналғанда мүшел жасты құрайды. Алайда, адамның алғашқы мүшелі – 13 жас. Біз енді әр жылдың қысқаша анықтамасына тоқталсақ.

Тышқан жылы. Қазақтар тышқан жы-

лын береке, ырыстың, татулық пен тыныштықтың жылы деп санайды. Тышқан жылының мыңдаған жылдық тарихына назар аударсақ, оның көп жылы аштықсыз, жаугершіліксіз, қиындықсыз, молшылықта өткен. Қанжығалы Бөгенбай батыр тышқан жылы (1684) туса, Төле би тышқан жылы (1756) қайтыс болған, алғаш Қазақ ордасы 1456 тышқан жылы құрылған.

Сиыр жылы. Тышқан жылынан кейін кіреді. Сиыр жылында дау-жанжал, қиындықтар мен ауыртпалықтар көп болған. Қариялар соны жиі айтып, сиыр жылында сәтсіздіктер бола қалса, «Биыл ауыр жыл ғой. Мұның бәрі содан ғой», – деп өзін-өзі жұбатып жатады. Ырым-нанымға сәйкес, сиыр жылы туғандар бұл жылы сиырды бауыздамайды. Көп халық сиыр жылының дастарханына сиыр етін, одан жасалған тағамдарды қоймайды.

Барыс жылы. Сиыр жылынан кейін кіреді. Оның ауыртпалығы да, жақсылығы да аралас. Бұрындары барыс жылында есте қалатын елеулі оқиғалар болмағандықтан оны жайсыз жыл санамайды, жамандамайды. Біздің ұлық пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) барыс жылы туып (570), ұлу жылы қайтыс болған (632). 1937-1938 жылғы саяси қуғын-сүргін де осы барыс жылында болып, 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғасы барыс жылына тұстас келді, Мұстафа Шоқай барыс жылы туып, жылан жылы қайтыс болды (1890-1941).

Қоян жылы. Барыс жылынан кейін кіреді. Бұл жыл жұт, аштық, ауыртпалық, бейнетпен қазақ халқының есінде қалған. 1867-1868 жылы жалпақ қоян жұты, 1879-

1880 жылы үлкен қоян жұты, 1891-1892 жылы кіші қоян жұты, 1915-1916 жылы тақыр қоян жұты болды. Қазақ даласында көп мал қырылып, адамдар өлді. 1962-1963 жылдары да малды аудандарда көп мал қырылды. Қазақ еліне Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама заман 1723 қоян жылы келді. Қоян жылы Абылай хан өмірге келді (1711 ж.).

Ұлу жылы. Қоян жылынан кейін кіреді. Қазақтар ұлу суда өсетіндіктен, бұл жылы астық, шөп мол болады деп, оны жайлы, жұмсақ жыл санайды. Алайда, ұлу жылында да қиындықтар болған.

Жылан жылы. Ұлу жылынан кейін кіреді. Қазақ халқында: «Жылан жылы жылыс болды», – деген сөз бар. Шыңғыс хан шабуылы 1221 жылан жылы Отырарды алды, 1926-1929 жылы Қазақстанда кәмпеске болды, 1941 жылы неміс-фашист басқыншылығы жылан жылы басталды, Октябрь революциясы (1917-1918) жылан жылымен тұстас келді, Абай жылан жылы туып, ұлу жылы өмірден өтті (1845-1904).

Жылқы жылы. Жылан жылынан кейін кіреді. Ел есінде жылқы жылы болған ауыртпалық, қайғылы оқиғалар жоқ. Жылқы жылы туғандар бұл жылы жылқыны бауыздамайды. Қой жылы. Жылқы жылынан кейін кіреді. Қазақтар қой жылын – жақсы жыл санайды. Қой жылы халыққа жайлы болған, молшылыққа кенелген. 1966-1967 қой жылы Қазақстанда миллиард пұттан астам астық алынды. Құнанбай қажы қой жылы туып, Шоң би қой жылы қайтыс болған. Қазақстан 1991 қой жылы тәуелсіз ел атанды, Ахмет Байтұрсынов та қой жылы (1873) дүниеге келді.

Мешін жылы. Қой жылынан кейін кіреді. Қазақтардың пайымдауынша, ол – жайсыз жыл. Бұл жылы бүліншілік, сәтсіздіктер мен жағымсыз оқиғалардың көп болуы мүмкін. Сол себепті қазақтар мешін жылынан қорқып отырады. 1920 жылы қазақ даласында көп мал қырылып, бұл жыл – «Тас мешін» деп аталды. 1931-1932 жылғы алапат аштық та мешін жылы болып, Ақ орда хандығы 1428 мешін жылы құлады, мешін жылы (1680) Әз-Тәуке хан таққа отырып, ел биледі.

Тауық жылы. Мешін жылынан кейін кіреді. Халық бұл жылды да ауыр жылдардың бірі санайды. Өйткені, тауық жылы қауіп-қатер жиі болған, халық көп ауыртпалық көтерген. 1920-1921, 1932-1933 тауық жылдары жұт, аштық, 1968-1969 тауық жылы құрғақшылық болды. Әл-Фараби (870-950), Міржақып Дулатов (1885-1935), Мұхтар Әуезов (1897-1961) тауық жылы туған.

Ит жылы. Тауық жылынан кейін кіреді. Мешін, тауық жылындағы ауыртпалық ит жылы жеңілдейді. Мысалы, 1933 жылы аштық тиылған, 1945 жылы соғыс аяқталған. Қаныш Сәтбаев ит жылы туған (1899-1964 ж.).

Доңыз жылы. Ит жылынан кейін кіреді. Жыл санаудың және жыл қайырудың соңғы жылын Қазақстанның кей жерінде, кейбір түркі елдерінде қара киік жылы деп атайды. Халық бұл жылы пәле-жала көп болады деп ойлайды. Алайда, доңыз жылы көп жағдайда қазақтарға жайлы болған. Қазақ – жоңғар соғысындағы үлкен жеңіс – 1729 доңыз жылы болды.

Жаңа жылды қандай киімімен қарсы аламын?

2014 жыл - көкшіл жылқының жылы. Сондықтан биылғы жылғы мерекелік кештерге мамандар көк, көкшіл және жасыл түсті киімдер киюге кеңес береді. Онымен қоса ашық көк түс пен қайың түсі де, аспан түсі мен теңіз түсі де жарамды деп табылады. Сәнгерлер мерекелік отырыстарда осы түспен дайындалған киімдердің арасында сұр және басқа да жағымды түстердің болғанына қарсы емес. Тек басты түстерді көк түс етіп таңдап алуды естен шығармау керек. Әрине, егер биылғы жаңажылдық сәннің көшінен қалмаймын десеңіз ғана...



Жылқы – ақсүйек әрі мәртебелі жануар. Сондықтан биылғы жыл басқа жылдармен салыстырғанда әйелдер қауымы үшін өз мерекелік костюмдеріне салмақты жауапкершілікпен қарайтын жыл болмақ. Киіміңізден ешқандай мін табылмағаны жөн. Сонымен қатар ондағы артық заттар сіздің сәнді киіміңіздің өрін келтірудің орнына бар болмысыңызға жараспай қалмасын да алдын ала ойланыңыз.

Қандай көйлек таңдасаңыз да матаның сапасына аса мән беріңіз. Мата барқыттан, жібектен немесе жүннен болса да, оның сапалы болғаны жөн. Қанша әдемі әрі сәнді болса да синтетикалық матадан тігілген киімдерге қызықпаңыз. Ою-

мен немесе сәнді гүлдерімен сәнделген көйлектер сіздің дене бітіміңізді ерекше етіп көрсетпек.

Ал ер адамдарға дәл осындай түстегі галстуктер таққан жарасады. Қара-көк, қою көк түсті классикалық костюм мен мұқият үтіктелген жейде үйлеседі. Әрине, сауатты қиылған шаш үлгісі мен жылтыраған туфлидің орны өз алдына бөлек.

Егер сіз жай маталарға қызықпасаңыз, есіңізде болсын: табиғи былғарыдан жасалған киімдермен Жаңа жылды қарсы алғанның да әсері басқаша. Бәрі де сіздің талғамыңыз бен таңдауыңызға келіп тіреледі. Былғары киімдерді әдемі жинақы сәмкелермен және сәнді аксессуарлармен сәйкестендіру керек. Аяққа әрине, былғары етік немесе сәнді туфли киіңіз. Өкшесінің биік болғаны дұ-



рыс.
Х а н ы м д а р -

ға көйлек кию міндетті емес. Сәнді белдемшемен кеудешені үйлестірсеңіз де көріксіз көрінбейсіз. Тырысып тұратын шалбар мен жылтыры басымырақ кеудешеге де қызықсаңыз болады.

Киіміңіз жеңіл және романтикалық болғаны дұрыс. Айтпақшы, шаш үлгіңізді үстіңіздегі киімге үйлестіруді де естен шығармаңыз.

Массажет
сайытынан алынған

ЖЕЛТОҚСАН ҚАНДАЙ АЙ?

Қыстың бірінші айы. Бұл айдың атауы «жел» және «тоқсан» деген сөздің қосындысынан шыққан дейді этнографтар. Өйткені жел және тоқсан үш ай желді болады деген мағынаны білдіреді. Ежелгі түріктер де бұл айды жел айы деп атапты («ҚКЭ», 12 том, 369 бет, 1974 ж). Желтоқсан айында қыс күшіне енеді. Боран соғады. Желтоқсанның 22-інде күн барынша қысқарады. Ол – «күннің тоқырауы». Қырбастың қызылы. Бұл – желтоқсанның басында болатын алғашқы аяз. Текенің бұрқылы (бұрқағы). Желтоқсанның қатты боран соғатын соңғы онкүндігінде киік текесінің маталуын осылай атайды. Желтоқсанда туғандар Қаныш Сәтбаев (3.12. 1910), қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов (12.12. 1926).



Қуанышқа толы мереке

ЖАҢА ЖЫЛ – ӘЛЕМДЕГІ ҚУАНЫШҚА ТОЛЫ ЕҢ ҒАЖАЙЫП МЕРЕКЕЛЕРДІҢ БІРІ. ЖАҢА ЖЫЛ СИҚЫРЛЫ, ӘРІ ҚАЙТАЛАНБАС ТАҢҒАЖАЙЫП МЕРЕКЕ. БӘРІМІЗ КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАҢА ЖЫЛДАН ЖАРҚЫН ЕРТЕГІ, ЖАҢА БАҚЫТ КҮТЕМІЗ.

Қазақтар үшін жаңа жылды қарсы алу наурыздың 22-сінде, күн мен түн теңелген қасиетті мезгілде басталған. Түрлі тарихи басылымдарда Жаңа жылды әшекейлі шыршамен қарсы алу дәстүрін Ресейде 1700 жылы қаңтардың 1-інде І Петрдің енгізгені, дәл осы жылы Ресейде жаңаша жыл санау басталғаны, І Петрдің өзі басқарған Мәскеудегі мейрамның таңға дейін созылғаны жазылып жүргенімен, бірқатар этнограф-тарихшылар қыпшақтар шырша мерекесін тойлағанын, жаңа жылдың – көшпелілердің де байырғы мейрамы екенін жазады.

Шырша тарихынан

Мұрат Әджінің «Қыпшақтар» атты кітабында «Шыршалар мерекесі» деген тарау бар. Оның жазуынша, мереке ең басында құдайлар мен аруақтар мекені – жер шарының тура кіндігінде тіршілік еткен Жер – Судың (Иерус) құрметіне арналыпты. Жер – Судың жанында ақ сақалды Үлкен (Ульген) есімді шал

жүрсе керек. Түркілер оны үнемі әдемі қызыл шекпен киіп жүрген қалпында көріпті. Мұрат Әджінің дәлелдеуінше, ежелгі алтайлықтар шыршалар мерекесін 25 желтоқсанда, Күннің Түнді «жеңген» кезінен бастап, түркілер Күннің қайта оралғанына қуанып, Үлкенге (Ульген) алғыстарын жаудырыпты, оған төу етіпті. Дұғаларымыз Тәңірінің құлағына шалынса деген үміт-арманмен Үлкеннің сүйікті ағашы – шыршаны үйлеріне әкеліпті. Бұтақтарына неше түрлі әсем шүберектер байлапты. Сонан соң дөңгелене қол ұстасқан қалпы шыршаны айналып: «Түн кетіп, Күн келсін», деп ән салған. Осылайша Мұрат Әджі бауырымыз Жаңа жыл түніндегі «үлде мен бүлдеге» бөленген шырша мерекесінің І Петр патшадан дәуіріде болғанын баяндап, ол түркілер дәуірінде сол халықта тойланған деп дәлелдейді.

Белгілі этнограф – тарихшы Ақселеу Сейдімбек Жаңа жылдың көшпенділер мейрамы екендігі туралы былай дейді: «Өмір – тіршілікте шарттылықтар өте көп. Сол шарттылықтардың ең ғажайыбы, адам баласының уақытты межелеуіне қатысты. Мәселен, осы күндері бүкілхалықтық қуаныш ретінде тойланып жатқан Жаңа жыл мейрамын алайықшы. Қалыптасқан ұғым бойынша, Жаңа жыл, яғни 1-ші қаңтар, Иса пайғамбардың туған күні. Бүкіл христиан әлемі осылай деп түсінеді және тойлайды. Орыстар православ сенімінде болғандықтан, бұрынғы Юлиан күнтізбесінің межесі бойынша, желтоқсанның 25-і Исаның туған күні деп тойлайды. Мен, бір қызықты пікір айтайын. Осы Жаңа жыл тойы арысы Еуразияның ежелгі көш-

пелі скиф-сақтарының, бергісі бүгінгі түркі халықтарының, оның ішінде, қазақтардың да байырғы мейрамы деп есептеймін».

Жаңа жылды тойлағанда бұл мерекенің де көшпенділер пайымымен байланысты екендігін аңғаруға болады. Бұл деректер бүкіл халықтың жадының игілігі бола алмауда. Дегенмен, В.В.Цибульскийдің «Луно-солнечный календарь стран Восточной Азии», М.Ысқақовтың «Халық календары», Х. Әбішевтің «Аспан сыры» атты кітаптарында осы деректер қызықты баяндалады.

Қалай десек те, Жаңа жылға терең діни мән-мағына бермей, оны алдағы уақыт көшінен қуаныш, жақсылық, жаңалық күтетін, өткен өмір жолымызға есеп беретін, келешек бағыт-бағдарымыз бен мақсат, міндеттерімізді белгілейтін мереке ретінде тойлауға әбден болады. Мәселен, Кеңестік өкімет Жасыл шырша мейрамына жаңа реңк кіргізіп, халыққа өзгеше мүдде, мақсат ұялатты. «Елу жылда ел жаңа» демекші, заман да адамзатқа өз талабын ұсынса керек. Жаңа жылды үміт, сенім мерекесі ретінде тойлағанымыз, ескі жылды ризашылық сезіммен шығарып салып, Жаңа жылды тәтті тілек, ақ батамен қарсы алғанымыз абзал.

Жаңа жылды қай халық қалай қарсы алады?



Қазақстанда жыл басы мерекесі наурыз айында тойланады. Бұл қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22-ші жұлдызына сәйкес келеді. Бұл күні адамдар жұмыс істемейді, сапарға шықпайды, кір жумайды, ешкімді ренжітпейді. Барлық үйде мерекелік дастарқан жайылады. Бұл күні күн мен түн теңеседі.



Болгарияда сағат тілі 12-ні соққанда барлық үйде жарық сөне бастайды. Сол кезде әркім көңілі қалаған адамымен 3 минут бойы сүйіседі екен. Дастарханға міндетті түрде самса қойылады екен.



Еврейлердің жаңа жыл – Рош Хошан қазан, қараша айларында тойланады. Бұл күні адамдар алма мен нанға бал жағып жейді.

Бұл жаңа жылда өміріміз балдай тәтті болсын дегені. Жаңа жыл таңы діндарлардың қойдың мүйізінен жасалған труба арқылы адамдарды синагоға құдайдың алдында өткен жылда жасаған кемшіліктері, күнәлары болса кешірім сұрауға шақырудан басталады. Осыдан кейін Жаңа жылды күнәдан тазарып, жаңадан бастауға мүмкіндік туады.



Венгрияда дастарқанға үйрек пен тауық еті қойылмайды. Себебі венгрлер құстардың барлығын «Бақыт құсының» туыстары деп есептейді екен.



Кубада сағат 12-ні соққан кезде, әркім 12 түйір жүзім жейді екен.



Ұлыбританияда алғаш ашық хаттарды (открытка) шығарған ел болып есептеледі. Сондықтан да Жаңа жылда осы елдің әр жанұясы таныстарын ашық хат арқылы құттықтағанды ұнатады.



Италия халқы ескі жылдың соңғы сағаттарында ешкіммен ренжіспеуге және ешкіммен қарыз ақша алмауға тырысады екен. Жаңа жылдың алғашқы түнінде үйлеріндегі сынған ыдыстарын, ескірген жиһаздарын аулаларына шығарып тастайды екен.



Финляндияда жаңа жыл кешінде тұрмыс құрмаған бойжеткендер кебістерін иықтарынан асыра лақтырады, кебіс есікке тұмсығымен тисе, сол жылы жолы болып, сол жылда тұрмысқа шығады деп есептеген.



Оңтүстік Америкадағы Эквадор елінің халқы жаңа жылда сабаннан жасалған қарақшыны ескі жылдың символы ретінде далада жағылған отқа өртеп жібереді.



Бирмада жаңа жылда да күн ыстық болып тұратындықтан, адамдар бір-бірінің үстіне су шашып құттықтайды екен. Сондықтан осы күні үсті-басы су болған адамдарды жиі ұшаратуға болады.



Францияда адамдар жаңа жыл кешінде жомарт болуға құмар келеді екен. Бұл күні мейрамханалар адамдарды тегін тамақтандырып қана қоймай кетерінде сыйлықтар береді екен.



Қытайда жаңа жыл мерекесі көшеде барабандар, темір төрелкелер соғылып, фейерверктер атылып, жаңа жыл салтанатын билеген айдаһарлар шеруі бастайды екен. Дастарқанға туралған нарцис гүлін қою дәстүрге айналған. Жаңа жыл мерекесі он бес күнге созылады. Бұл қаңтардың аяғы мен ақпан айының басына келеді.



Үндістанда жаңа жыл – Дивали жарық пен оттар мерекесі деп аталады екен. Айтса айтқандай осы күні қалалар мен ауылдардың барлығы оттың ішінде тұрғандай жарқырап кететін көрінеді. Жарығы сөніп тұрған бірден-бір терезені көре алмайды екенсің. Әйел адамдар көшеге шығып жерге түрлі оюлы суреттер салып, оларға ұн, топырақ сеуіп, шырақтар жағып көркемдейтін көрінеді.



Голландияда жаңа жыл кешіндегі дастарқанға жүзім салып пісірген нан тағамы қойылады. Бұл тағам жылына бір-ақ рет дайындалатын көрінеді.

МЕНШІК ИЕСІ:
С.Торайғыров
атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Редактор:
Жанар Елешова

Дизайнер: Н. Яницкая

Тілшілер: Н. Рабилова,
М. Амантай.

Ақылдастар алқасы:
Қ.Алдабергенов, Ж. Бижан,
А.Тойшыбайұлы, Г. Кенжебалина.

Редакция мекен-жайы:
Павлодар қ., Ломов көшесі, 64,
каб.427-А, тел.673648

• ГАЗЕТ Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке алынып (04.12.2008), ол туралы №9722-Г куәлігі берілген.
• ГАЗЕТ бетіндегі автордың мақалалары, хаттары редакцияның көзқарасын білдірмейді

• ГАЗЕТ Павлодар облыстық «Баспасөз үйі» ЖШС баспаханасында басылды. Павлодар қ., Ленин к., 143 үй, тел. 61-80-26
• ГАЗЕТ айына бір рет шығады, таралымы 500 дана.
Тапсырыс № 5289